

6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Омарова Индира Мусахановнаның «Болашақ математика мамандарының шектер теориясын оқып-үйрену үдерісіндегі жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесші педагогика ғылымдарының докторы, доцент Раскул Ибрагимовтың

ПІКІРІ

Қазақстан халқына 2012 жылы желтоқсан айындағы «Қазақстан - 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» - деп, Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру үшін нақты мақсаттар жүктеледі.

Қоғамның қазіргі білім беру жүйесіне қойған міндеттерін шешу, жоғары оқу орындарының түлегіне, олардың кәсіби іс-әрекет түріне, жаңа тұрпатты мұғалімге қойылатын талаптар, оқудың барлық сатысында білім алушылардың ойлау іс-әрекетін белсендендіру, олардың жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін жетілдіру мүмкіндіктерін қарастырудың қажеттілігін көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда ізденуші Омарова Индира Мусахановнаның «Болашақ математика мамандарының шектер теориясын оқып-үйрену үдерісіндегі жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін жетілдіру» атты диссертациялық жұмысы өзекті мәселелерді қамтиды.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Диссертацияның бірінші бөлімінде – болашақ математика мамандарының шектер теориясын оқып-үйрену үдерісіндегі жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін жетілдірудің теориялық негіздері, қазіргі жағдайы мен негізгі бағыттары, мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктері қарастырылған.

Зерттеу жұмысында болашақ математика мамандарының шектер теориясын оқып-үйрену үдерісіндегі жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін жетілдіру дегенде жобалаудағы икемділік, қайта жаңғырту, іздену-орындаушылық және шығармашылық іс-әрекеттерінің қалыптасуын дамыту керектігі айқындалған. Шектер теориясындағы тақырыптардың мазмұнын (игерілетін білімдерді) зерделеу нәтижесінде төрт деңгейге (білім-танысу, білім-нұсқа көшіру, білім-дағды, білім-шығармашылық) бөліп, әрқайсысын оқып-үйренудегі жобалау-зерттеу іс-әрекеттерінің құрылымы қарастырылған. Жобалау-зерттеу іс-әрекеттерінің жоғарыда келтірілген төрт түрін жетілдірудегі ынталандыру механизмдері (сырттай, өзін-өзі, өзара, өзін-өзі іштей бақылау), формалары (тұрақты, қозғалмалы, таңдаулы жұптар және кішкене топтардағы жұмыс істеу), құралдары (нақты және идеал математикалық модельдер) әдістері (эмпирикалық, синтездік, интегративтік) психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негізделіп берілуі жұмыстың маңыздылығын көрсетеді.

Екінші бөлімде – болашақ математика мамандарының шектер теориясын оқып-үйрену үдерісіндегі жобалау-зерттеу іс-әрекетін жетілдірудің педагогикалық шарттары, әдістемелік жолдары, мазмұны, әдіс-тәсілдері қарастырылған. Мұнда студентке жобалау-зерттеу іс-әрекеттерінің кейбір элементтерін орындауды біртіндеп өткізу, білімдерді игеру дәрежесі туралы мәліметтерді бақылау, олардың өзіндік және жеке жұмыстарын ұйымдастыру және басқару әдістері қолданылатын жобалау жұмыстарының мазмұндары мен оларды орындау әдістемелері келтірілген. Жасалынған әдістемені қолданудың тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп ұйымдастырылғаны баяндалған.

Қорытындыда жүргізілген зерттеудің негізгі нәтижелері, сондай-ақ оларды жоғары оқу орындарында математика пәндерін оқыту әдістемесі саласында болашақтағы зерттеулерде қолдану жөніндегі тұжырымдар баяндалған.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, бөлімдер бойынша жасалған тұжырымдар зерттеушінің өзі атқарған ғылыми зерттеу жұмыстарының негізінде жасалған. Диссертациялық жұмысты еліміздің педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуға болады, өйткені бұл еңбекте педагогика ғылымының бүгінгі күндегі көкейкесті мәселесі шешімін тапқан.

Омарова Индира Мусахановнаның «6D010900-Математика» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысы ҚР ҒБМ білім мен ғылым саласындағы бақылау комитеті қоятын талаптарға сәйкес келеді және «6D010900-Математика» мамандығы бойынша философия доктор (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты.

Омарова Индира Мусахановнаның «Болашақ математика мамандарының шектер теориясын оқып-үйрену үдерісіндегі жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін жетілдіру» тақырыбындағы докторлық диссертациясын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің жанындағы 6D010900 – «Білім беру» (математика) бейіні бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі құрылған диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынуға лайықты деп есептеймін.

Пікір беруші:

**Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінің
доценті, педагогика ғылымдарының
докторы**



Ибрагимов Р.